



«Жастар кадрлық резерві» бағдарламасы

ҚР Президентінің 2019 ж 27 тамыздағы № 141 Жарлығының қолдауымен жас талантты, белсенді қазақстандықтар қатарынан елдің басқарушы кадрларын анықтау, іріктеу, дайындау және тәрбиелеуге бағытталған «Жастар кадрлық резерві» жобасы іске асырылды.

2021 ж. аралығында «Жастар кадрлық резерві» жобасына 8638 астам жастар өтінім берген, олардың ішінде 179 адам ашық конкурстық іріктеуден, тестілеуден, оқыту модульдерінен, кәсіби құзыретті бағалаудан, әр түрлі ұйымдардан тағылымдамадан өтті. Конкурстық іріктеуден өткен қатысушылар мемлекеттік басқару, бизнес, ғылым, білім, қоғамдық ұйымдар, БАҚ жетекші өкілдерімен кездесті.

2021 жылы жобаны іске асыру сондай-ақ жас мамандар қатарынан елдің басқару кадрларын анықтау, іріктеу, дайындау және тәрбиелеу және үш бағыттар бойынша әлеуметтік-маңызды қызметті қосуды болжайды:

- 1. Мемлекеттік қызмет**
- 2. Бизнес-қауымдастық**
- 3. Қоғамдық саяси қызмет**

Іріктеу туры бірнеше кезеңдерде өтеді:

1) кандидаттардың құжаттарын қабылдау; 2) мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау; 3) ситуациялық тапсырмаларды шешу; 4) құзыреттерді бағалау; 5) Резервке іріктеу жөніндегі сарапшылық комиссияда әңгімелесу;

Сарапшылық комиссия Резервке алуға ұсынған кандидаттарды Ұлттық комиссияның отырысында қарау.

2) Резервке іріктеу кезеңдерін өткізу мерзімдерін Ұлттық комиссия айқындайды.

3) Іріктеуге қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) білім туралы құжаттың көшірмесі;
- 3) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 4) мемлекеттік тіл бойынша емтиханды тапсырғаны туралы белгіленген нысандағы жарамды ресми сертификат*.

Кандидат

құжаттарды тапсыру кезінде Резервті қалыптастыру тәртібі мен танысады, осы Қағидаларды қатаң сақтауға, сондай-ақ дербес деректерді жинау мен өңдеуге өз келісімін береді.